

**«Үміт» қимыл-тірек аппараты бұзылған балаларға арналған арнайы
метеп-интернаттағы 2022-2023 оқу жылының сыныптар жиынтығы туралы
ТҮСІНДІРМЕ**

2022-2023 оқу жылының сыныптар жиынтығы, «Үміт» қимыл-тірек аппараты бұзылған балаларға арналған арнайы метеп-интернатының қызметіне катысты нормативтік-құқықтық құжаттары негізінде құрылды:

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

- «Арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 29 желтоқсан айындағы №614 бұйрығы;

- «Білім беру ұйымдарында психологиялық педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтар айындағы №6 бұйрығы;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ-76 бұйрығы негізінде сыныптардың құрамы, саны реттелінді.

- «Арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидалары» 3-тарау 52 п. Басшылыққа ала отырып «...тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде зердесі зақымдалған білім алушылар анықталған жағдайда 4-6 білім алушыны қамтитын арнайы сыныптар ашылады..» және де, Санитарлық эпидемиологиялық қағидаларына 2-қосымшасына сәйкес «Арнайы білім ұйымдарындағы сыныптардың, тәрбиелеу топтарының, ұзартылған күн топтарының толықтырылуы» дене бітімінің кемістігі және ақыл-ой кемістігі бар балалар топтарының саны, яғни «...арнайы топ 4 – 6-ны құрауы мүмкін» ескере отырып, 2022-2023 оқу жылында «Үміт» қимыл-тірек аппараты бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатында 17 сынып жиынтығы құрылды. Сыныптардың құрамы балалардың жас ерекшеліктеріне, психофизикалық даму мүмкіндіктеріне сәйкес реттелінді. Жалпы оқушылардың саны – **82**. Арнайы білім беру мекеме қызметінің түрі – **тірек аппараты бұзылған балаларға арналған** болғандықтан, 85% оқушылар «Балалар церебралды салдануы» диагнозы бойынша науқас балалар. 32 баланың – 40 % тірек-қозғалысы ауыр формасымен (арбада отыратындар, таяқшамен жүретіндер), және, сонымен қатар, әр баланың бойында 3-4 күрделі неврологиялық, психофизикалық кемістіктері анықталған, яғни (диагносттары): «БЦС» /балалар церебралдық салдануы/, «ЖТК -1,2,3 деңгей /жалпы тіл кемістігі/, диплегия, дизартрия, «ПДТ»/ психикалық дамуының тежеулігі/, «РОПЦНС»

/резидуальное органическое поражение центральной нервной системы/, акыл-ойынын артта калуы, прогрессивті бұлшықет дистрофиясы, эмоционалдык ерік-жігерінің бұзылуы ж.т.б.

Балалардың дәрігерлік қорытындысы бойынша психо-физикалық дамуында күрделі бұзылыстар бар оқушылардың саны 38 , ал 31 бала /Қосымша парақта көрсетілген тізім/ көмекші құралдар арқылы(арба, ходунок, таяқшы) және мекеме қызметкерлердің көмегімен жүреді: Жас ерекшелігіне байланысты тиісті сыныпта оқиды.

Осы себептерден және оқу кабинеттерге сыйымсыз болғандықтан (ыңғайластырылған ғимарат), 2022-2023 оқу жылың оқу процесі 17 сынып білім алушыларға ұйымдастырылды.

Жоғарыда аталған білім алушылардың психофизикалық мүмкіндіктерін, мекеменің құрылысын ескере отырып, ПМПК-ң қорытындыларына сәйкес, оқушыларға берілген білім беру бағдарламаларын, олардың интеллектуалдық-танымдық қабілеттерін, ойлау дағдыларының деңгейлерін ескере отырып, мектепшілік педагогикалық-психологиялық-медициналық консилиумнің анықтау/диагностика жұмыстарына сүйене отырып, сыныптардың құрамы, саны 2022 жылғы 28 тамыздағы Педагогикалық кеңесте бекітілді.

17 сыныптар «литер» бойынша бөлінді: «А» және «Ә»

Директор:



А.Т.Кашкеева